

## Педагогика и психология

УДК 37.026.6.

**А.К. Сатынская**, педагогика ғылымының кандидаты  
Инновациялық Еуразия университеті (Павлодар қ.),

**Ш.Б. Асаинова**

№ 35 жалпы орта білім беру мектебі (Павлодар қ.)

E-mail: satynskaya@mail.ru, sos.0203@inbox.ru

### Бастауыш сынып оқушыларының жетістіктерін қалыптастыру

***Аңдатпа.** Мақалада бастауыш мектеп – үздіксіз білім берудің бастапқы сатысы, осы кезеңнің жетістігінен адамның болашағы айқындалатыны баяндалады. Оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың жетістіктерін қалыптастыру – бастауыш мектептің басты проблемасы екені сипатталады. Бастауыш сынып оқушыларының жетістіктері әлеуметтік-педагогикалық проблема тұрғысынан қарастырылады. Оқытудың құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының жетістіктерін қалыптастырудың жолдары көрсетіледі.*

***Түйін сөздер:** әлеуметтік-педагогикалық жетістік, табысты тұлға, жетістіктің белгілері, жетістікке жетудің шарттары.*

Қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер дүние жүзі елдерінің білім беру жүйелерін қайта қарауды талап етуде. Білім беру саласының қызметкерлері үшін маңызды мәселе болып отырған «сапа» ұғымы, қоғам үшін де өзекті болып отыр. Заманауи тұрғыдан сапа ұғымын, тек қана білімділікпен байланыстыру жеткіліксіз. Оқушыларға біліммен қатар дағдылардың да қажеттігін адамзат қоғамы мойындауда. Оқушылардың білімді жай ғана иеленуі аздық етеді, себебі ХХІ ғасырда оқушылардың игерген білімінің көлемі емес, ол білімді күнделікті өмірде ұтымды қолдана білуі, яғни функционалдық сауаттылығы маңызды. Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:

- белсенділік;
- шығармашылық тұрғыда ойлау;
- шешім қабылдай алу;
- өз кәсібін дұрыс таңдай алу;
- өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады [1].

Осы ретте «Оқушылар алған білімдерін күнделікті өмірде табысты қолдануға мүмкіндік беретіндей оқу-тәрбие үдерісін қалай ұйымдастыру керек? Табысты оқушыны немесе оқушылардың жетістіктерін қалай қалыптастыруға болады» деген сұрақтар туындайды.

Сонымен қатар қазіргі қоғамда тұлға мотивациясының жалпы бағыттылықтарының басымдықтарын тұтасымен түсіну қиындық туғызуда. «Қоғамның пайдалы мүшесі болғың келсе, өзінді жетілдір» бағыттылығы «қоғамда табысты болуың үшін өзінді жетілдір» ұрандық бағдарға алмасты. Жетістік ұғымының мазмұны да өзгерді. Қазіргі қоғамның қатаң талабына төтеп бере алатын, бәсекеге қабілеттілігі арттырудың қажеттілігі, тұлғаның әлеуметтік бейімделуі, оның функционалдық сауаттылығы мен мүмкіндіктері – бұл нақты шындық, заманауи өркениеттің талап көрсеткіштері.

Өмірде жетістікке (табысқа) жету – кез келген адамның саналы арманы, бірақ жетістікке (табысқа) жетуді әркім өзінше түсінеді, әсіресе, өскелең ұрпақ үшін жетістік (табыс) ұғымын жекелей және әлеуметтік тұрғыдан түсіндіруде қарама-қайшылықтар байқалады.

С.И. Ожеговтің орыс тілі сөздігінде «табыс» сөзі үш мағынада қарастырылады:

1) бір нәрседі табысқа, жетістікке жету;

2) қоғамдық мойындау;

3) жұмыс, оқу және қоғамдық пайдалы әрекеттердегі жақсы нәтижелер. Адамның өзі қалаған, армандаған ісінде табыс пен сәттілікке жеткен жағдайда, оның жетістігі туралы айтады [2].

Сондықтан да жетістікті әлеуметтік сапа ретінде қарастыруға болады, себебі заманауи қоғамдық норма, құндылық, дәстүрлерге сүйене отырып, жетістікті бағалайтын адамдар мен адамдардың өздері. Жетістікті тұлғаның әлеуметтік көрсеткіші, әлеуметтік мәртебесінің индикаторы ретінде қарастыруға болады. Әлеуметтік тәжірибені жинақтау үдерісі мен талаптану мен қажырлы еңбектенудің нәтижесінде жетістікке жеткенде ғана адам табысты мойындайды.

Педагогикалық тұрғыдан алғанда жетістік ұғымы оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде табысқа жеткен тұлғаға тән сапа ретінде қарастырылады. Бұл оқушының оқудағы жетістігі, педагогтің тәрбиенушілерін оқытудағы жетістігі, ата-аналардың балаларын тәрбиелеудегі жетістігі болуы мүмкін.

Сонымен қатар психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік әдебиеттерде «әлеуметтік-педагогикалық жетістік» ұғымына берілген нақты анықтама жоқ және сәйкесінше, білім беру үдерісінде

оны қалыптастыру мәселесі ашық қалуда. Анықталған тақырыптың өзектілігін анықтайтын төмендегідей қайшылықтар бар:

1. Оқушыларға жетістікке жетуге көмектесетін педагогикалық тәжірибедегі қажеттілік пен оған көмек көрсететін дайындалған әдістемелер мен бағдарламалардың жоқтығы;

2. Қазіргі заманғы оқытуды белсенді жаңғырту мен олардың оқушылардың әлеуметтік-педагогикалық жетістігін қалыптастыруда педагогикалық шарттардың айқынсыздығы.

Бұл қарама-қайшылықтар бастауыш мектепте оқушылардың жетістіктерін қалыптастыруда проблемалардың бар екендігін айғақтайды. Анықталған проблема бастауыш сынып оқушыларын оқыту мен тәрбиелеуде олардың әлеуметтік-педагогикалық жетістігін қалыптастырудың педагогикалық шарттар кешенін анықтауды және негіздеуді талап етеді. Сонымен қатар төмендегідей міндеттерді жүзеге асыруды қажет етеді:

1. «Әлеуметтік-педагогикалық жетістік» ұғымының мәнін негіздеу және оны қалыптастыруға негіз болатын жағдайларды айқындау;

2. Оқытудың құралдары арқылы оқушылардың әлеуметтік-педагогикалық жетістігін қалыптастырудың шарттарын анықтау;

3. Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік-педагогикалық жетістігін қалыптастыруда оқытудың мүмкіндіктерін белгілеу;

4. Оқытудың құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік-педагогикалық жетістігін қалыптастырудың бағдарламасын әзірлеу.

Бастауыш мектеп оқушыларының жасына қарай тәрбиелеу мен оқытудағы жетістігін әлеуметтік-мәнді іс-әрекеттері – оқуда жетістіктерге жетуімен, оны білім беру үдерісіне қатысушылардың (педагогтердің, ата-аналардың) мойындауымен түсіндіріледі. Педагогикалық үдерісте оған қатысушылардың жетістіктері бір-бірімен өзара байланысты және өзара бір-біріне себепкер, сондықтан да балаларды оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде ересектердің жетістіктерін қарастырмай кетуге болмайды [3].

Жетістікке жетудің төмендегідей негіздері (ережелері) анықталды:

1. Жетістік – қазіргі қоғамдық норма, құндылық, дәстүрлердің жүйесін игеру деңгейін көрсететін тұлғаның әлеуметтік сапасы. Бастауыш мектеп оқушыларына қатысты жетістік – бұл кіріктірілген, қоғам мен тұлғалық мойындалған тұлғаның әлеуметтік-педагогикалық сипаттамасы.

2. Бастауыш сынып оқушыларын оқыту мен тәрбиелеудегі жетістіктің әлеуметтік-педагогикалық шарттары – педагогикалық үдерісте кешенді түрде ескерілуге тиісті маңызды институттар мен әлеуметтендірудің көздері (отбасы, педагогикалық және оқушылардың ұжымы, құрдастары, әлеуметтік орта және т.б.) болып табылады; олардың өзара әрекеті мен өзара әсері бастауыш сынып оқушысының белгілі нақты жағдайда жетістікке жетуінен емес жетпеуіне ықпал етеді.

3. Бастауыш мектептің басты мақсаты – балалардың оқуда жетістікке жетуі үшін қажетті жағдайды қамтамасыз ету және қағидаларды қалыптастыру, әртүрлі тіршілік әрекетінің саласында кезесетін (мектеп, отбасы, бос уақыты) сәтсіздіктерді, үрей мен қорқыныштарды жеңу. Бұл мақсатқа жетудің құралы – бастауыш сынып оқушысын табысты әлеуметтендірудің көпфакторлы моделін құру және жүзеге асыру болып табылады.

4. Бастауыш сынып оқушысының табысты тұлғасы төмендегідей көрсеткіштер арқылы сипатталады:

– жоғары мотивация; оқуға деген қызулығы; білім, іскерлік, дағдылардың қалыптасуы, оларды игерудегі шығармашылық қабілеті; тәртібі;

– әртүрлі білім саласына білімқұмарлығының байқалуы, мектептегі және мектептен тыс шараларға қызығушылық танытуы;

– өзін шынайы бағалай алуы және ұжым ішіндегі оң мәртебесі;

– өзінің іс-әрекетінің нәтижелерін шынайы бағалай алу іскерлігі және басқа балалардың жұмыстарын объективті бағалай алуы;

– өзінің жетістігіне қуана алуы, сыныптастарының сәтсіздіктерін бөлісе және бірге қайғыра алуы;

– өзінің іс-әрекетіне талдау жасай алу қабілеті, қоршаған ортада болып жатқан әрекеттер мен жағдайларды түсінуге тырысуы.

5. Бала тұлғасының әлеуметтік сапасы ретінде жетістікті дамыту оның оқу-тәрбие үдерісінде субъективтік ұстанымын анықтайды: жаңа жетістіктерге жету үшін күш салу, өзінің мектептік табысына қызығушылық таныту. Бастауыш сынып оқушыларының оқу және сабақтан тыс әрекетінде ересектермен қарым-қатынас жасауы жетістікке жетуіне оң ықпалын тигізеді: балалар педагогтер мен ата-аналардың талаптарын қабылдайды және орындайды. Бұл балалардың оқыту мен тәрбиелеу үдерісіне оң қатынастарынан, мектепте, үйде және қоғамдық орында тәртіп ережелерін, қарым-қатынас нормаларын, күн тәртібін орындау мен сақтаудан байқалады. Бұл жағдайда белгілі бір шарттарды сақтау қажет: жетістіктің шынайылығы, тиімділігі, қолжетімділігі, балалардың табысқа жетуге деген мотивациясы, жетістікті саналы түсінуі.

6. Мектептің әлеуметтік-педагогикалық қызметінің мамандары басқа да білім беру үдерісінің қатысушыларымен қарым-қатынас жасай отырып, бастауыш сынып оқушыларының мектепте ғана емес, мектептен тыс орындарда да табысты оқыту, тәрбиелеу, әлеуметтік дамуының жағдайын қамтамасыз

етеді. Мектептегі әлеуметтік-педагогикалық қызметтің негізгі міндеттері: білім беру үдерісіне қатыстатын ересек адамдарға бастауыш кезеңінде оқытудың табыстылығының мәнін түсіндіру; педагогтер, ата-аналар, басқа да ересек адамдардың күшін балалардың бойында өмірге құштарлық, оптимистік, бақытты болу, сәтсіздіктерде уайымға салынбау және т.б. қасиеттерді тәрбиелеуге бағыттау; оқу-тәрбие үдерісінде табысқа жету үшін баланың өзінің, мектептің және отбасының нақты және потенциалды мүмкіндіктерін бағалау. Бұл жағдайда дәстүрлі педагогикалық парадигмаға тән «мұғалім-оқушы» сызбасы күрделі позициялы сызбамен алмастырылады: қарым-қатынастың негізгі орталығы жүйедегі оқушы болып табылады, ал қажетті элементтері – мұғалімдер мен сынып жетекшілерден басқа мектептің мамандары, соның ішінде басты орын әлеуметтік педагогке тиісті.

Өмірде табысқа жету үшін үш нәрсені түсіну өте маңызды: біріншіден, әр адам өзінің ойымен, сөзімен, әрекеттерімен өзінің өмірін, өзінің қарым-қатынас ортасын, өзінің мақсатын және өзінің өткенін, нақты жағдайы мен болашағын қалыптастырады. Екіншіден – әр адам өзінің тағдыры мен өзінің әрекетіне өзі жауапты. Үшіншіден – өмірдегі әр оқиға бейтарап және кездейсоқ емес, оның адамның тағдыры үшін жекелей, субъективтік маңызы бар, оқиғаны бағалаудан адамның өмірінің сапасы мен жеке өмірі байланысты [4].

Бастауыш сынып оқушысын әлеуметтендіру үдерісі табыстылығының белгісі оның әлеуметтік белсенділігі болып табылады. Әлеуметтік белсенділіктің анықтамасын әлеуметтік әлемдегі құбылыстарға субъектінің ерекше жағдайы мен қатынасы деп қабылдауға болады.

Әлеуметтік-педагогикалық белсенділікті екі құрамды бірліктен тұратын коммуникативтік әрекет сапасы ретінде қарастыруға болады: біріншісі – сыртқы (мінез-құлық), бастамашылдық, әлеуметтік-бағдарланған әрекеттерде байқалады, ол өзін жетілдірудің, тұлғаның мәнді қасиеттерін ашудың құралы болып табылады; екіншісі – ішкі (мотивациялық), тұлға дамуының нәтижесі болып табылады, ол оның әлеуметтік-педагогикалық қабілеттерін, бағалаушылық пікірі мен әлеуметтік қажеттіліктерін көрсетеді, оның әлеуметтік-педагогикалық мүмкіндіктерінің толық жүзеге асуына әсерін тигізеді.

Әлеуметтендіруді баланың өзінің әлеуметтік тәжірибесін жетілдіру үдерісі деген түсінікке сүйене отырып, әлеуметтік тәжірибенің төмендегідей критерийлерін көрсетуге болады:

- мазмұндық-материалдық және мәдениеттанушылық мазмұн арқылы көрінеді;
- өмірдің басты құндылықтары жайлы ойларының баланың әрекеттерінен көрінуі;
- позициялық-бағалаушылық – жекелей, тұлғалық белсенділігінің, бастауыш сынып оқушысының рефлексивтік позициясының байқалу тенденциялары арқылы көрінеді;
- функционалдық – өзін-өзі іштей бағалау ерекшеліктері арқылы айқындалады, өмірдің басты құндылықтары жайлы ойлары әлеуметтік белсенділіктің белгілі бір психологиялық негізіне айналады.

Мектептегі әрекеттердің мәнді сипаттамасының төмендегідей белгілері анықталды: *әлеуметтік* (субстанционалдық белгісі бойынша), *кіріктірілген* (әрекеттер мен қарым-қатынас үдерісіндегі мұғалім мен ата-аналардың бірлескен әрекеттері), *ашық* (жеке адамның қоршаған әлеммен қатынас сипаттамасы бойынша), *құндылық-білім беру* (тұлғаның нақты жағдайға қатынасы бойынша), *дамытушылық пен мақсатқа бағытталушылық*.

Сонымен, тұлғалық-құндылық білім беру ортасы жағдайында бастауыш мектеп оқушысының әлеуметтік мәнді әрекеттерге қызығушылықтары артады, коммуникативтік қабілет деңгейі өседі, өзінің эмоциялары мен сезімдерін басқара алу іскерлігі қалыптасады, өзінің әрекеттерін сыни бағалай алу және талдау жасай алу қабілеті жинақталады, балаларда сыныптастарымен, мұғалімдерімен қатынасқа түсуге әлеуметтік тәжірибелері қалыптасады деп қорытынды жасауға болады.

Сондықтан кіші мектеп жасы – үлкендер тарапынан (ата-ана, мұғалім, мектеп психологы) үнемі бақылауды талап ететін бала өміріндегі ерекше кезең екенін есте естен шығаруға болмайды. Тәжірибе көрсеткендей, белгілі бір пәнді меңгеруде баланың оқуына көп жағдайда кедергі келтіретін оның қабілетінің жоқтығы емес. Оқу қиындықтарының басты себебі оқу іскерлігінің (оқушы өзінің оқу еңбегін тиімді, шаршамайтындай, артық күш жұмсамайтындай ұйымдастыра алмайды) және оқуға деген қызығушылығының жоқтығымен, өзіне сенімсіздігімен байланысты. Келесі сатылардағы барлық оқыту кезеңінің жетістігін қамтамасыз ететін бастауыш мектепте жалпы оқу іскерлік, дағдыларын қалыптастыру маңызды болып табылады. Сол себепті бастауыш сынып оқушыларының оқу-танымдық жетістігін қалыптастыру үшін **«Табысқа жетудің 5 қадамы» атты оқу курсы** енгізуге болады. Арнайы курс бойынша жасалынған бағдарламаның кешенді білім беру үдерісінде баланы алға жетелеуге үлесі зор. Онда бастауыш мектеп оқушысының жетістігін қалыптастырудың бір шарты мұғалім мен оқушының жүйелі және бірізді өзара әрекеттері көрсетілген.

**«Табысқа жетудің 5 қадамы» атты оқу курсы бағдарламасының мақсаты:**

- бастауыш мектеп оқушыларына оқу үдерісінің белсенді субъектісі ретінде қалыптасуы мен дамуына мүмкіндік беретін педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық жағдайлар жасау;
- оқуда ғана емес, өмірде де табысты болуға үйрету.

Бағдарламаның ғылыми негізі педагогика ғылымының докторы, профессор Е.И. Казакова дайындаған табыс педагогикасы тұжырымдамасы; неміс психологы Хайнц Хекхаузеннің ынтымақтастық педагогикасы тұжырымдамасы; Ш.А. Амонашвилидің ізгілі-тұлғалық технологиясы; проблемалық оқыту технологиясы; С.Н. Лысенкованың перспективалық-алдын-ала оқыту технологиясы; В.Ф. Шаталовтың оқушылардың әрекеттерін белсендіру технологиясы; И.С. Якиманскаяның жеке тұлғаға бағыттай оқыту

технологиясы; Л.В. Занков, Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы болып табылады.

Бағдарлама белгілі кезең – қадамнан, әр қадам – белгілі сабақтар тізімінен тұрады.

**1 қадам – «Табыс портреті»** (кімді табысты деп санауға болады, менің табысты адаммен кездесуім, қысқа мерзімде табысқа жетуге бола ма, табысқа жетудің бағдарламасын қалай құру керек, табыс формуласын құру);

**2 қадам – «Сыртқы көзқарас»** (өзін-өзі бағалау деңгейін зерттеу әдістемесі, рефлексивтік өзін-өзі бағалауды қалыптастыру, «Менің айнама» ойын тренингі);

**3 қадам – «Оқу – бұл қызық»** (оқу сабақтарының белсенді формалары, оқу үдерісіне танымдық қызығушылықтарын ынталандырудың әдістері мен педагогикалық тәсілдері, тұрақты құрылымды оң мотивацияны қалыптастыру);

**4 қадам – «Табысты оқудың құпиялары»** (оқу материалын талдаудың белсенді ойлау тәсілдеріне оқытуға және жалпы оқу дағдыларын дамытуға, оқудағы қиындықтардың алдын-алуға бағытталған практикалық сабақтар, жадынамалар; өзін ұйымдастыра алу негіздеріне оқытуға, табысты оқуға деген сенімділігін қалыптастыру мен өзін дамытуға бағытталған әңгімелесулер, тәжірибелік сабақтар, жаттығулар, рольдік ойындар, оқушыларға оқуы мен тәртібіндегі қиындықтарды жеңуге, рефлексивтік өзін-өзі бағалауды қалыптастыруға, психикалық үдерістердің мәдениетін тәрбиелеуге көмектесетін еңбекті ғылыми ұйымдастырудың элементтерін меңгеру);

**5 қадам – «Менің табысымның портфолиосы»** (оқу жетістіктері портфолиосының үлгілік мазмұнын құру).

Аталған бағдарламаны жүзеге асыру бастауыш мектеп оқушыларының оқу жетістігін қалыптастыруға ықпалын тигізеді.

Қорыта айтқанда, бастауыш мектеп – келесі кезеңдердегі оқудың басты негізі болып табылады, осы кезеңнің жетістігіне байланысты адамның тағдыры қалыптасады, оның кәсіби мансабы әлеуметтік мәнге ие болады, сондықтан да бастауыш мектеп оқушыларын табысты оқыту мен тәрбиелеу бастауыш білім берудің негізгі мәселесі болып табылады.

Әлемдік және отандық педагогика дәстүрлері бастауыш мектепте жолы болмайтындардың болмауына бағдарланады, бастауыш оқытудың жазылмаған заңы бастауыш мектептің оқушылары табысты оқуы тиіс деп мәлімдейді, бастауыш мектеп түлектерінің 30 % потенциалды өмірде жолы болмағандар. Соңғы он жылда мектепте туындаған проблемалардың салдарынан 1-4 сыныптарда өздерін жайсыз және сенімсіз сезінетіндер 10 есеге, бастауыш сыныпта оқу мен мұғалімге үрейді сезінетіндер 8 есеге артқан. Бастауыш білім беру кезеңінде оқушылардың жартысына жуығы білімді тексеру жағдайында қорқынышты сезінеді, мектептегі әртүрлі келеңсіз жағдайлар үшін қатты алаңдайды, өздеріне, күші мен мүмкіндіктеріне сенімсіз балалардың үштен бір бөлігі табысқа жете алмағанда фрустрация жағдайын кешеді.

Балалардың 70 % жуығы зорлық-зомбылық көруден қорқады, ал 50 % жуығы құрбыларымен қарым-қатынас жасауда қолайсыздықты сезінеді. Бастауыш мектеп оқушыларының 20–60 % -де ағзаларының бейімделуінде ауытқушылықтың жоғары деңгейі байқалған. Оқушылардың 70–80 % -де артық күш түсіру және икемсіздену салдарынан иммундық жүйе төмендеген. Бұл бастауыш мектепте кемшіліктердің, соның ішінде әлеуметтік-педагогикалық сипаттағы шешілмеген үлкен мәселенің бар екендігін дәлелдейді.

Білім беру үдерісіне қатысатын ересек адамдар баланың оқу-тәрбие үдерісіндегі тұлғалық табысын толық мойындамайды: балаларын «кішкентай жолы болмағыштар» деп есептейтін ата-аналардың саны 33 % жеткен.

Егер «мұғалім-оқушы» сызбасын күрделі позициялық сызбаға алмастырса, онда көпэлементті модель құрылады, оның барлық бөліктері бастауыш сынып оқушысының табысқа жетуіне «жұмыс жасайды» және ол қарым-қатынас жүйесінің орталығы болып табылады. Осындай жүйенің қажетті элементтері мұғалімдер мен сынып жетекшілер ғана емес, мектептің барлық мамандары болып табылады.

Сондықтан да білім беру үдерісіне қатысушылардың кәсібилілігі мен тұлғалық сапа қасиеттері, бірлесіп әрекет етуі бастауыш сынып оқушыларын оқыту мен тәрбиелеуде, олардың жетістіктерін қалыптастыруда маңызды орын алады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 қаулысымен бекітілген Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012–2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.

2 Ожегов С.И. Толковый словарь русского языка. – Москва: Русский язык. – 686 с.

3 Выготский Л.С. Педагогическая психология / Под редакцией В.В. Давыдова – М.: Педагогика, 1991. – 480с.

4 Абрамова Г.С. Возрастная психология: учебное пособие для студентов вузов. – М.: Издательский центр Академия, 1999. – 672 с.

## REFERENCES

- 1 The Government of the Republic of Kazakhstan approved by Resolution No. 832 of June 25, 2012 «Development of functional literacy of school students by the National Action Plan for 2012– 2016».
- 2 Ozhegov S.I. *Tolkoviy slovar russkogo yazyka*. – Moskva: Russkiy yazyk. – 686 s.
- 3 Vygotsky L.S. *Pedagogicheskaya psichologiya / Pod red. V.V. Davydova* – M.: Pedagogika, 1991. – 48 s.
- 4 Abramova G.S. *Vozrastnaya psichologiya: uchebnoe posobie dlya studentjv vuzov* – M.: Izdatelskiy center Academiya. – 1999. – 672 s.

## РЕЗЮМЕ

**А.К. Сатынская**, кандидат педагогических наук  
Инновационный Евразийский университет (г. Павлодар)

**Ш.Б. Асаинова**  
Средняя общеобразовательная школа № 35 (г. Павлодар)

### **Формирование успешности учащихся начальных классов**

*В статье излагается, что начальная школа – это начальная стадия непрерывного образования, успешность на данном этапе определяют будущее человека. Формирование успешности учащихся в учебно-воспитательном процессе характеризуется, как главная проблема начальной школы. Успешность учащихся начальных классов рассматривается с точки зрения социально-педагогической проблемы. Показываются пути формирования успешности учащихся начальных классов через средства обучения.*

**Ключевые слова:** *социально-педагогическая успешность, успешная личность, признаки успешности, условия достижения успешности.*

## RESUME

**A.K. Satynskaya**, Candidate of Pedagogical Sciences  
Innovative University of Eurasia (Pavlodar)

**Sh.B. Assainova**  
Secondary Educational school №35 (Pavlodar)

### **Formation of success of primary class learners**

*The article states a primary school is an uninterrupted level of primary education, this quality of success is determined a future of a person. Formation of success in educational upbringing process is the main problem of primary school. Successes of primary class learners are considered by social-and-pedagogical aspect. The article shows educational methods of formation successes of primary class learners.*

**Keywords:** *social-and-pedagogical aspect, successful person, features of successes, conditions of successes.*